

## Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаға өзгерістер енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 23 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті**:

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаға мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) мынадай мазмұндағы 137-154 тармақтармен толықтырылсын:

"137. 2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларды қадағалап отыру механизмі туралы келісімнің (бұдан әрі - Қадағалап отыру механизмі туралы келісім) 2-бабының 2-тармағына сәйкес қадағалап отыру (бұдан әрі - қадағалап отыруға жататын тауарлар) жүзеге асырылатын тауарлар тізбесін бекіту.

138. Қадағалап отыруға жататын тауарларға қатысты қадағалап отыру жүзеге асырылмайтын жағдайларды айқындау.

139. Қадағалап отыру жүзеге асырылатын тауарлар тізбесін (осындай тізбеге өзгерістер енгізу) бекіту және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы Комиссия шешімі күшіне енген күнге Одақтың кедендік аумағында іс жүзінде орналасқан, қадағалап отыруға жататын тауарлар туралы мәліметтерді қадағалап отырудың ұлттық жүйесіне кірістіру мерзімдері мен тәртібін айқындау.

140. Қадағалап отыруға жататын тауарлардың, осындай тауарлардың өткізілуімен байланысты болмайтын, бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына орын ауыстыруы туралы мәліметтерді қадағалап отырудың ұлттық жүйесіне кірістіру жағдайларын айқындау.

141. Қадағалап отыруға жататын тауарлардың, осындай тауарлардың өткізілуімен байланысты болмайтын, бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына орын ауыстыруы туралы мәліметтерді қадағалап отырудың ұлттық жүйесіне кірістіру тәртібін айқындау.

142. Қадағалап отыру механизмі туралы келісімнің 5-бабының 1-тармағының 1 және 3-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың мәліметтерін қадағалап отырудың ұлттық жүйесіне кірістіру мерзімдерін айқындау.

143. Басқа мүше мемлекеттердің қадағалап отырудың ұлттық жүйелерінің мәліметтерін мүше мемлекеттің қадағалап отырудың ұлттық жүйесіне кірістіру мерзімдерін айқындау.

144. Қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтерді қадағалап отырудың ұлттық жүйелерінде сақтау мерзімін айқындау.

145. Қадағалап отыруға жататын тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты Қадағалап отыру механизмі туралы келісімнің 6-бабының 1-тармағында көзделген мерзімнен өзге, қадағалап отыруды тоқтатудың ұзақтығы аздау мерзімін айқындау.

146. Қадағалап отыру механизмі туралы келісімнің 6-бабының 1-тармағында көрсетілген немесе осы баптың 1-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған мерзім өткенге дейін қадағалап отыру тоқтатылатын жағдайларды және осындай жағдайлардағы қадағалап отыруды тоқтату мерзімдерін айқындау.

147. Қадағалап отыруға жататын тауарлардың айналымын жүзеге асыратын тұлға электрондық құжаттар түрінде ілеспе құжаттар ресімдеуге міндетті болмайтын жағдайларды айқындау.

148. Қадағалап отыру механизмі туралы келісімнің 8-бабының 1-тармағында көрсетілген, осы баптың 3-тармағында айқындалған мәліметтер құрамынан айырмашылықты мәліметтер құрамын айқындау.

149. Мұндай тауарлардың бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына орын ауыстыруынан бұрын жүретін, қадағалап отырудың ұлттық жүйелерінде қамтылған қадағалап отыруға жататын тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтерді беру туралы сұратуларды жіберу және орындау тәртібін, сондай-ақ берілетін мәліметтердің құрамын және оларды беру мерзімдерін айқындау.

150. Қадағалап отыруға жататын тауарларды кедендік декларациялау Одақтың Кеден кодексі және (немесе) Комиссия айқындаған және Одақтың Кеден кодексіне сәйкес мүше мемлекеттердің заңнамасы айқындайтын ерекшеліктермен жүзеге асырылған не мұндай тауарлар Одақтың Кеден кодексіне сәйкес тауарға арналған декларациялар берілгенге дейін шығарылған жағдайлар үшін қадағалап отырудың және (немесе) қадағалап отыру механизмінің жұмыс істеуінің ерекшеліктерін айқындау.

151. Қадағалап отырудың ұлттық жүйесінде осындай орын ауыстыруға байланысты операциялар туралы мәліметтер жоқ кезде, қадағалап отыруға жататын тауарлардың бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына орын ауыстыруына жол берілетін жағдайларды айқындау.

152. Техникалық іркіліс, байланыс құралдары (телекоммуникациялық желілер мен "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісі) жұмысындағы бұзушылықтар тудырған ақпараттық жүйелердің ақаулығына байланысты, сондай-ақ Қадағалап отыру механизмі туралы келісімнің 11-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған өзге де

жағдайларда, осындай орын ауыстырулармен байланысты операциялар туралы мәліметтер қадағалап отырудың ұлттық жүйесінде жоқ жағдайда, қадағалап отыруға жататын тауарлардың бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына орын ауыстыруының құқыққа сыйымдылығын растау тәртібін айқындау.

153. Техникалық іркіліс, байланыс құралдары (телекоммуникациялық желілер мен "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісі) жұмысындағы бұзушылықтар, электр энергиясының ажыратылуы тудырған ақпараттық жүйелердің ақаулығы туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын хабардар ету тәртібін айқындау.

154. Қадағалап отыру механизмін ендіру жөніндегі пилоттық жобаның іске асыру мерзімдері мен шарттарын айқындау.";

б) мынадай мазмұндағы 155-157 тармақтармен толықтырылсын:

"155. Алдын ала сақтандыру шығару тәртібін бекіту.

156. Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жай-күйі және олардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы есеп дайындау тәртібін бекіту.

157. Одақ туралы шарттың 76-бабының 3 – 5 тармақтарына сәйкес жол берілмейтін шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) келісім жасасу туралы, сол сияқты оған қатысуы туралы ерікті өтініші болған кезде, жауапкершіліктен босату тәртібін бекіту."

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2019 жылғы 1 қазандағы "Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаға өзгерістер енгізу туралы" № 22 шешімінің және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы "Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне өзгерістер енгізу туралы" № 30 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы Шешім 1-тармақтың "а" және "б" тармақшаларын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Шешімнің 1-тармағының "а" тармақшасы осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап, бірақ ерте дегенде 2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларды қадағалап отыру механизмі туралы келісім күшіне енгеннен кейін күшіне енеді.

Осы Шешімнің 1-тармағының "б" тармақшасы осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап, бірақ ерте дегенде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың бірқатар баптарына (74-бапты қоса) және оған қосымшаларға өзгерістер енгізуді көздейтін, 2019 жылғы 1 қазанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

**Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей  
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан  
Федерациясынан*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК